

«Менің сүйікті мультипликация кейіпкерім» қашықтықтан интернет – байқауы

Байқаудың мақсаты: білім алушыларды шығармашылық әрекетке тарту, дарынды балаларды анықтау және қолдау, олардың танымдық қызығушылықтарға ынталандыру.

Байқауды Астана қаласы, «Шабьт» білім беру-әдістемелік орталығы» ЖШС өткізеді.

Байқауға мектепке дейінгі, бастауыш, жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының **18** жасқа дейінгі білім алушылары қатыса алады.

Қатысушылар санаттары: 7 жасқа дейінгі; 8-10 жас; 11-14 жас; 15- 18 жас.

Байқау жұмыстары 2017 жылғы 04 шілдеден 22 шілдеге дейін detstvo-baikau@mail.ru электрондық поштаға қабылданады.

Байқау қорытындысы **2017 жылғы 31 шілдеде www.shabyt-concours.kz** сайтына орналастырылады

Байқау номинациялары:

Байқауға балалар ертегілерінен, мультфильмдерден, кітаптардан алынған сүйікті кейіпкерлердің суреттерінің, қолдан жасалған бейнелерінің фотосы (4 данадан кем емес, jpg форматта) жұмысты жасаудағы әр кезеңді көрсететін) келесі номинациялар бойынша қабылданады:

1) **«Сурет» номинациясы** – байқауға кез келген техникада фломастер, гуашь, акварель, бор, балауыз бор, тушь, пастель, карандаш, материалды аралас қолданып орындалған суреттердің фотосы қабылданады.

2) **«Қағаз пластикасы» номинациясы** . Байқауға қағаздан және картоннан кез келген техникада өз қолымен жасаған бұйымдардың фотосы қабылданады.

3) **«Модельдеп бұйым жасау» номинациясы**. «Модельдеп бұйым жасау» номинациясында түрлі материалдардан (ермексаз, саз балшық, тұзды қамыр т.б.) жасалған бұйымдардың фотосы қабылданады.

4) **«Отбасылық жұмыс» номинациясы**. Байқауға кез келген техникада жасалған жұмыстардың (жұмсақ ойыншық, саз балшық және т.б.) фотолары қабылданады. Байқауға қатысатын жұмысты қатысушының өзі жасауы шарт. Қатысушылардың ата-аналары, жетекшілері бұйым жасауға қолғабыс ете алады.

Жұмыстарды бағалау критерийлері: байқау тақырыбы мен номинациясына сәйкес болу; жұмыстың сапасы мен жасалу шеберлігі; бірегейлігі; орындалудың көркемдік деңгейі, түстердің таңдалуы.

Байқауға қатысу ережелері:

Байқауға қатысу үшін бір қатысушыдан бір номинация бойынша бір жұмыс қабылданады. Байқау жұмыстарын толығымен қатысушы өз бетімен орындауы тиіс.

Басқа адамдардың және интернеттен алынған материалдарды пайдалануға қатаң тыйым салынады.

Байқауға қатысу үшін **1000 (бір мың)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы **барлық банк** немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Шабыт» білім беру-әдістемелік орталығы» ЖШС (резидент).

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Астана қаласы

БИН 170140027918

ИИК KZ306010111000328819(KZT)

БИК HSBKKZKX

КНП 869

Кбе 17

Код 19

Төлемақы аталуы: **«Менің сүйікті мультипликация кейіпкерім»** байқауы.

Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөнін, тегін міндетті түрде көрсету керек.

Анықтама телефон: 8 707 371 12 16

Байқауға қатысу үшін мына құжаттарды detstvo-baikau@mail.ru электронды поштаға жіберу қажет:

- 1) **1-қосымшаға сәйкес өтінімді;**
- 2) **сканерден өткізілген төлемақы құжатын** (түбіртек);
- 3) **байқауға қатысатын жұмысты** электронды түрде.

Қатысушыларды ынталандыру:

Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарын дайындаған жетекшілері дипломдармен марапатталады. Сонымен қатар байқауға 10 жұмыстан артық жолдаған қатысушылардың жетекшілері алғыс хатпен марапатталады.

Жеңімпаздар, олардың жетекшілерінің дипломдары, байқауға қатысушылар сертификаттары электронды нұсқалары 2017 жылдың 31 шілдеде жіберілетін болады.

1-қосымша

Байқауға қатысуға өтінім

Қатысушының тегі, аты	Жасы	Облыс, қала, ауыл	Білім беру ұйымының толық аталуы, сыныбы	Байқау номинациясы	Жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, қызметі	Қатысушының байланыс мәліметтері (ұялы телефоны,	Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл.
-----------------------	------	-------------------	--	--------------------	--	--	---

						эл.поштасы)	поштасы), дипломды немесе сертификатты жіберу үшін
1	2	3	4	5	6	7	8